



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№46-47 (850-851) Сәрсенбі 15-22 қараша 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



## ЖИЫРМА МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІК!

Рас, бұл үлкен қуаныш. Елдің, мемлекеттің, ұлттың басты қуаты – адам. Бала санына шек қоймаған қазақ үшін өсіп-өну – маңызды құндылық болып табылады. Көп болған жерде бауырмалдық, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік сынды қасиеттер де көптеп өнеді. Ал мемлекетті, қоғамды алға сүйрейтін, жаһандық көшке ілестіретін – сапалы, саналы ұрпақ. «Баланы үй – базар» демекші, қазіргі күні «көп бала сүйсем» деген ақ тілеулі жас ерлі-зайыптылар көбейді. Соған орай тілек те қабыл болып жатыр. Міне, енді Қазақстан халқы 20 миллионға жетті!

16 млн.-шы қазақстандықтың аты – Бекзат. Ал оның сынары Перизат 15 999 999 нөмірімен жарық дүниенің есігін ашқан. Сөйтіп, 2004 жылы аяғоздік Өскенбаевтар отбасында егіз нәресте дүниеге келген.

17 млн.-шы тұрғыны 2013 жылдың 16 мамырында Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданында туу туралы куәлік берілген. Аты-жөні – Алтынбек Есқараулы.

18 млн.-шы баланың есімі – Мұслима. Ол 2017 жылдың жазында Талдықорған қалалық перинаталдық орталығында салмағы 3 келі 300 грамм, бойы 51 см болып дүниеге келген.

19 млн.-шы нәресте Жания Азаматқызы Алматы облысының Іле ауданына қарасты Чапаев ауылында 2021 жылдың 20 шілдесінде түнгі сағат 2-де Алматыдағы перинаталдық орталықта дүниеге есігін ашқан. Ол – ата-анасының төртінші баласы.

Қазақстанның 20 миллионыншы тұрғындарының бірі Жетісу облысының орталығы – Талдықорған қаласында ресми тіркелді. Сол өңірдегі әріптестеріміздің хабарлауынша, Сәбидің есімі – Айсултан. Ол Әзімбаевтар отбасындағы 4-ші перзент. Қазақстанның тағы бір 20 миллионыншы тұрғыны – Әлімхан Түркістан облысы, Жетісай ауданының Асықата ауруханасында дүниеге келді. Ақмола облысының Бұрабай ауданында 20 миллионыншы бала болып тіркелген баланың есімі – Ясина. Ұлытау облысындағы 20 миллионыншы болып тіркелген Томирис – Сейітжановтар отбасындағы тұңғыш немере! Елімізде 20 миллионыншы болып ресми тіркелген Алматылық – Айлин. Періште Айлиннің алдында отбасында тағы үш қыз бар.

Баламен өмір мәнді, еліміздің ертені. Еліміз көркейіп, халқымыз көбейе берсін лайым!

Ж.ҚАСЫМ

## ЦИФРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ МОДЕЛІ ӘЗІРЛЕНЕДІ

**Бұл туралы Мемлекет басшысының қабылдауында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек мәлім етті. Ол Президент тапсырмаларын орындау үшін Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданғаны туралы баяндады.**

Құжат аталған саланы өркендетудің стратегиялық міндеттері мен көрсеткіштерін айқындайды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа жоғары білім беру саласындағы инфрақұрылым мен цифрлық архитектураның дамуы, соның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ кампустарының құрылысы туралы мәлімет берілді. Министрлік цифрлық университет моделін әзірлеп жатыр. Студенттер Coursea жаһандық онлайн білім беру платформасында оқу мүмкіндігіне ие болды. Қазірдің өзінде олардың 40 мың сертификат алды. Платформадағы 100 негізгі курсты қазақ тілінде оқуға болады.

Министрдің айтуынша, биыл қыркүйек айынан бастап Қазақстанда бакалавриат бағдарламасы бойынша стипендия мөлшері 20 пайызға, магистратура мен докторантурада 15 пайызға көбейді. Жоғары оқу орындарындағы профессор-

оқытушылар құрамының жалақысы 160 мың теңгеден 350 мың теңгеге дейін, ал ұлттық университеттерде бұл көрсеткіш 228 мың теңгеден 400 мың теңгеге дейін өсті. Сонымен қатар, студенттер жатақханаларындағы орын тапшылығы үш есе азайды.

Мемлекет басшысына Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігінде белсенді ілгерілеп келе жатқаны туралы баяндалды. QS рейтингіне 21 жоғары оқу орны, ал Times Higher Education рейтингіне 4 университет кіреді. Жыл соңына дейін елімізде жұмыс істейтін жетекші шетелдік университеттер филиалының саны сегізге жетеді. Халықаралық компаниялармен бірлесіп, жасанды интеллект саласында кадр даярлау ісі басталды. «Мамандығым – болашағым» жобасы аясында өңірлерде кадр қажеттілігіне форсайт-зерттеу жүргізу үшін жобалық кеңселер ашылып жатыр.

Министр атап өткендей,

Ұлттық Ғылым академиясының институционалдық рөлі күшейіп келеді. Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес өз жұмысын бастады. Ғалымдардың орташа жалақысы 2 есе өсіп, 252 мың теңгеге жетті. Іргелі зерттеулермен айналысатын ғылыми-зерттеу институттары тікелей қаржыландырылатын болды. Ғылым саласының 2023–2025 жылдарға арналған жалпы бюджеті 3,3 есе артып, 643 миллиард теңгені құрады.

Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғалымдары тазалығы 99,5 пайыз мөлшерінде селен алу технологиясын ойлап тапты. Бұл химиялық элемент медицинада, электроникада және шын өндірісінде кеңінен қолданылады. Осы жаңалықтың арқасында Қазақстан аталған сирек металды анағұрлым тиімді бағамен экспорттай алады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы білім беру деңгейін арттыру, инновацияларды ынталандыру және ғылыми зерттеу жұмыстарының сапасын жақсарту, сондай-ақ студенттер жатақханаларындағы орын тапшылығын азайту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

### СЫР Өңірі шағын бизнесті қолдау бойынша көшбасшылар қатарында

Мемлекеттік қолдау нәтижесінде биыл өңірде жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 10,3 пайызға артып, 70 977-ге жетті. Жыл басынан бері кәсіпкерлікті қолдауға мемлекеттік бағдарламалар аясында 24 млрд теңге бөлініп, 3,5 мыңнан астам жоба қаржыландырылды.

Мемлекеттік қолдау тетігіне қаралған қаражат өткен жылмен салыстырғанда 20 пайызға артып. Нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 15,8 пайызға өсіп, 124 376 адамға жетті.

Мемлекет басшысының бөлшек салықты енгізу және салықтық ынталандыру шарасын қабылдау бастамасын республика көлемінде алғашқылардың бірі болып Қызылорда облысы орындады. Биыл облыста 35 мың кәсіпкердің мүддесі қамтылған бөлшек салықтың пайыздық мөлшерлемесі 4 пайыздан 2 пайызға төмендетілді. «Ауыл

аманаты» жобасын іске асыру үшін облысқа биыл 3 млрд теңге бөлінді.

Бүгінде жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын 198 жоба мақұлданды. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына 2,5 пайызбен 2,3 млрд теңге жеңілдетілген несиесі табысталды. Айта кетейік, іріктеу барысында өндірістік жобаларға басымдық берілді. Алдын ала болжам бойынша жыл қорытындысымен шағын және орта бизнестің жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 2022 жылмен салыстырғанда 2,4 пайызға артып, 21,5 пайызға жетпек.

### ЖАЛАҒАШ АУДАНЫДЫҚ МӘСЛІХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ ЖОБА

## 2024-2025 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

«Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІПТІ:

1. Осы шешімнің 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-қосымшаларына сәйкес Жалағаш кенті, Аққұм, Аққыр, Ақсу, Аламысқ, Бұхарбай батыр, Еңбек, Жаңаталап, Жанадария, Қаракеткен, Мақпалқол, Мәдениет, Мырзабай ахун, Таң, М.Шәменов ауылдық округтерінің 2024-2025 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарлары бекітілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Жалағаш аудандық мәслихатының төрағасы

Ө.Елеусинов

### Ауыл округтері бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған жоспар Жалағаш аудандық мәслихатының шешімінің жобасына АНЫҚТАМА

Жоспар 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірідегі № 173 «Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 14 сәуірідегі № 3-3/332 «Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспарда:

- 1) құдық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы;
- 2) жайылым айналымдарының қолайлы схемасы;
- 3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық, жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы;
- 4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне қол жеткізу схемасы, Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне жету жолдары;
- 5) жайылым жоқ жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берлетін жайылымдарға ауыстыру схемасы;
- 6) ауылдық округті маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы;
- 7) ауыл шаруашылығы жануарларын жандық және айлаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі қамтылған. Қашаны жылына пайдалану тәртібі белгіленген.

Жайылым нормасы жоғарыда аталған бұйрыққа сәйкес («Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы») мүйізді ірі қара малына 11,0 гектар, уақ малына 2,2 гектар, жылқыға 14,0 гектар, түйе малына 15,5 гектардан алынды.

Жайылымдарды пайдалану ұзақтығы 170-180 күн.

Жайылымды суландыру табиғи көлдерден, өзендерден, каналдардан, құбырлы немесе шахталы құдықтардан қамтамасыз етіледі. Судың сапасы әлсіз тұздылау, малдарды суару үшін жарамды.

Жайылымдық алқаптардың орташа өнімділігі – 10,5 центнер/гектарды құрайды.

Аудан бойынша елді мекен жерлері 42760 гектар, шаруашылықтардың мал жайылымы 189123 гектар, халық қажеттілігі үшін пайдаланылып отырған мал жайылымы 35057 гектарды құрайды.

Жоспарда жетіспейтін жайылымдық жерлерді қамтамасыз ету мақсатында малдар Қарақұм, Қызылқұм мал жайылымына шығарылады және 10 қазан-10 наурыз аралығында округ аумағындағы босаған егіс алқаптарына жайылады деп есептелінген. Аудан бойынша маусымдық мал жайылымы үшін Қарақұм мал жайылымында 591563 гектар, Қызылқұм мал жайылымында 647003 гектар және Жанадария бойында 665067 гектар жайылымдық жер мал жайылымына пайдалануда. Аудан бойынша мал жайылымына жетіспейтін 228,9 мың гектар

жер жоғарыдағы мал жайылымдары есебінен толық қамтамасыз етілген.

Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы

А.Дарибаев

### РЕШЕНИЕ ЖАЛАҒАШКОГО РАЙОННОГО МАСЛІХАТА ПРОЕКТ

## Об утверждении плана по управлению пастбищами и их использованию на 2024-2025 годы

В соответствии с подпунктом 1) статьи 8 закона Республики Казахстан «О пастбищах» Жалағашский районный масліхат РЕШИЛ:

1. Утвердить планы по управлению пастбищами и их использованию поселка Жалағаш, сельских округов Аққұм, Аққыр, Ақсу, Аламысқ, Бұхарбай батыр, Еңбек, Жаңаталап, Жанадария, Қаракеткен, Мақпалқол, Мәдениет, Мырзабай ахун, Таң, М.Шәменов на 2024-2025 годы согласно приложениям 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2024 года и подлежит официальному опубликованию.

Председатель Жалағашского районного масліхата

У.Елеусинов

### План по управлению пастбищами и их использованию по сельским округам на 2024-2025 годы справка к проекту решения Жалағашского районного масліхата

План разработан в соответствии с Законом Республики Казахстан от 20 февраля 2017 года «О пастбищах», приказом заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 «Об утверждении правил рационального использования пастбищ», приказом министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 14 апреля № 3-3/332 «Об утверждении предельно допустимых норм нагрузки на общую площадь пастбищ».

План на основании правоустанавливающих документов содержит схему расположения пастбищ на территории административно-территориальной единицы в разрезе категорий земель, собственников земельных участков и землепользователей, схему благоприятного пастбищеоборота, внешние и внутренние границы и площади пастбищ, в том числе сезонных, пастбищ, объекты пастбищной инфраструктуры, схему доступа к водным источникам, составленную в соответствии с нормами водопотребления пастбищных пользователей, содержит календарный график по перераспределению пастбищ для размещения поголовья сельскохозяйственных животных физических и юридических лиц, не имеющих пастбищ, и переводу его на предоставляемые пастбища, размещению поголовья сельскохозяйственных животных физических и юридических лиц, не имеющих пастбищ, на отгонные пастбища, расположенными вблизи сельского округа, на отгонные пастбища, использование пастбищ, устанавливающий сезонные маршруты выпаса и перегона сельскохозяйственных животных.

Норма пастбищ в соответствии с вышеуказанным приказом взята с 11,0 гектара на крупный рогатый скот, 2,2 гектара на МРС, 14,0 гектара на лошадей, 15,5 гектара на верблюдов.

Продолжительность использования пастбищ 170-180 дней. Обводнение пастбищ обеспечивается из естественных озер, рек, каналов, трубчатых или шахтных колодезь. Качество воды слабое засоление, подходит для полива скота.

Средняя урожайность пастбищных угодий-10,5 центнеров / га.

По району земли населенных пунктов составляют 42760 га, пастбища хозяйств 189123 га, пастбища используемые для нужд населения-35057 га.

В плане предусмотрено, что в целях обеспечения недостающих пастбищных угодий скот вывозится на пастбище Карақұм, Қызылқұм и в период с 10 октября по 10 марта выпасается на освободившиеся посевные площади на территории округа. Для сезонных пастбищ по району используется 591563 гектара пастбищных угодий на Карақұмском пастбище, 647003 гектара на Қызылқұмском пастбище и 665067 гектара пастбищных угодий влоя Жанадария. По району 228,9 тыс. га земель, недостающих для выпаса скота, полностью обеспечены за счет вышеуказанных пастбищ.

Начальник Жалағашского районного отдела сельского хозяйства и земельных отношений

А.Дарибаев

Ауыл округтері бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған жоспарды «Ел тілегі» газетінің сайтынан оқи аласыздар.

## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 2500 теңге;**

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

**6 айға – 2850 теңге.**

### БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

• Мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!

• Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:  
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661;  
8-7716933181.



ЖОБА

## МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚ ҮШІН ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУҒА, ТАСЫМАЛДАУҒА, СҰРЫПТАУҒА ЖӘНЕ КӨМУГЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабы 4-тармағының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өз басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі «Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы» № 377 бұйрығына сәйкес, Мұнайлы ауданы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мұнайлы ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерісөсі шешімінің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мұнайлы аудандық мәслихатының шешімі

Руководитель

Байбузов. Б

Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және мемлекеттік тіркеу қағидаларына 1-қосымша

## МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚ ҮШІН ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУҒА, ТАСЫМАЛДАУҒА, СҰРЫПТАУҒА ЖӘНЕ КӨМУГЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕРІ

Атауы	Есептік бірлік	Тенге
		(қосылған күн салығынсыз)
<b>Жинау және тасымалдау</b>		
Жайлы үйлер	1 тұрғын айна	367,00
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айна	341,0
<b>Сұрыптау</b>		
Жайлы үйлер	1 тұрғын айна	75,12
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айна	69,76
<b>Көму</b>		
Жайлы үйлер	1 тұрғын айна	296,15
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айна	282,51
Жылдық тариф бірлігіне (көлем) жайлы үйлер	1 м3/1 тұрғын айна	738,28
Жылдық тариф бірлігіне (көлем) жайлы емес үйлер	1 м3/1 тұрғын айна	693,30

ПРОЕКТ

## ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ТАРИФОВ ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ НА СБОР, ТРАНСПОРТИРОВКУ, СОРТИРОВКУ И ЗАХОРОНЕНИЕ ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ ОТХОДОВ ПО МУНАЙЛИНСКОМУ РАЙОНУ

В соответствии со статьей 365, пункта 4, подпункта 7 Экологического кодекса Республики Казахстан, статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», в соответствии с приказом Министра Экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 16 сентября 2021 года № 377 «Об утверждении Методики расчета тарифа для населения на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов» маслихат Мунайлинского района РЕШИЛ:

1. Утвердить тарифы для населения на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов по Мунайлинскому району согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вступает в силу через десять календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

Ф.И.О

Приложение 1 к Правилам разработки, согласования и государственной регистрации нормативных правовых актов

## ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА К ПРОЕКТУ «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ТАРИФОВ ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ НА СБОР, ТРАНСПОРТИРОВКУ, СОРТИРОВКУ И ЗАХОРОНЕНИЕ ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ ОТХОДОВ ПО МУНАЙЛИНСКОМУ РАЙОНУ»

1	Наименование государственного органа-разработчика.	ГУ «Мунайлинский районный жилищно-коммунальное хозяйство, пассажирское отдел транспорта и автомобильных дорог»
2	Основания для принятия проекта нормативного правового акта со ссылкой на соответствующие правовые акты, нормы международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, решения международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан, протокольные и иные поручения Президента, Руководства Администрации Президента, Правительства и Аппарата Правительства и/или другие обоснования необходимости его принятия.	В соответствии с приказом Министра Экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 16 сентября 2021 года № 377 «Об утверждении Методики расчета тарифа для населения на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов»
3	Необходимость финансовых затрат по проекту нормативного правового акта и его финансовая обеспеченность, в том числе источник финансирования, а также в случае необходимости – решение Республиканской бюджетной комиссии (соответствующие расчеты, ссылка на источник финансирования, копия решения Республиканской бюджетной комиссии в обязательном порядке прикладываются к пояснительной записке).	Финансовых затрат не требует.
4	Предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта, а также влияние положений проекта нормативного правового акта на обеспечение национальной безопасности.	Не влечет иных социально-экономических и (или) правовых последствий
5	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов.	Бессрочно.
6	Сведения об актах, принятых ранее по вопросам, рассматриваемым в проекте нормативного правового акта, и результатах их реализации.	Не имеется
7	Необходимость приведения законодательства в соответствие с вносимым проектом нормативного правового акта в случае его принятия (указать требуется ли принятие других правовых актов или внесение изменений и/или дополнений в действующие акты) либо отсутствие такой необходимости.	Необходимости нет.

8	Информация о размещении проекта нормативного правового акта на интернет-ресурсе государственного органа, а также интернет-портале открытых нормативных правовых актов (дата, количество байт).	10.10.2023 ж
9	Информация о размещении пресс-релиза к проекту нормативного правового акта, имеющему социальное значение, на интернет-ресурсах уполномоченных государственных органов.	https://www.gov.kz
10	Соответствие проекта нормативного правового акта международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан, и решениям международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан.	Не соответствует.
11	Результаты расчетов, подтверждающих снижение и (или) увеличение затрат субъектов частного предпринимательства в связи с введением в действие проекта нормативного правового акта.	Проект нормативно-правового акта не имеет отношения к субъектам частного предпринимательства.

## ЖОБАҒА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚ ҮШІН ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУҒА, ТАСЫМАЛДАУҒА, СҰРЫПТАУҒА ЖӘНЕ КӨМУГЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕРІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ»

1	Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы.	«Мұнайлы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-і
2	Тиісті құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негізделмелер және/немесе оны қабылдау қажеттігінің басқа да негізделмелері.	Қазақстан Республикасының Экология кодексі  Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі «Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы» № 377 бұйрығына сәйкес
3	Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тіісті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі).	Қаржы талап етілмейді.
4	Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы.	әлеуметтік-экономикалық және (немесе) құқықтық өзге де салдарға әкеліп соқпайды.
5	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері.	Мерзімсіз.
6	Жобада қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер.	Қабылданбаған.
7	Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетін-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы.	Қажеттілік жоқ.
8	Нормативтік құқықтық актінің жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны)	18.08.2023 ж
9	Әлеуметтік маңызы бар нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы ақпарат.	https://www.gov.kz
10	Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі.	Сәйкестігі жоқ.
11	Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынның азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері.	Нормативтік-құқықтық акті жобасының жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысы жоқ.

Бөлім басшысы

Б. Байбузов

Приложение к решению Мунайлинского районного маслихата

## ТАРИФЫ ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ НА СБОР, ТРАНСПОРТИРОВКУ, СОРТИРОВКУ И ЗАХОРОНЕНИЕ ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ ОТХОДОВ ПО МУНАЙЛИНСКОМУ РАЙОНУ

Наименование	Расчетная единица	Тенге
		(без налога на добавленную стоимость тенге)
<b>Сбор и транспортировка</b>		
Домовладения благоустроенные	в месяц с 1-го жителя	367,00
Домовладения не благоустроенные		341,0
<b>Сортировка</b>		
Домовладения благоустроенные	в месяц с 1-го жителя	75,15
Домовладения не благоустроенные		69,76
<b>Захоронение</b>		
Домовладения благоустроенные	в месяц с 1-го жителя	296,15
Домовладения не благоустроенные		282,51
Годовой тариф на единицу (объем)	1 м3	738,28
Домовладения благоустроенные		693,30
Годовой тариф на единицу (объем)	1 м3	693,30
Домовладения не благоустроенные		

## ҚОРҚУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ, БІЛУ ҚАЖЕТ

АИТВ-ның алғашқы оқиғасы 1987 жылы, ал облыста 1990 жылы тіркелген болатын. АИТВ жұқпасының индеттік ауалы жылдан жылға күрделене түсуде. АИТВ инфекциясының жұғу жолдары және сақтану шаралары, сондай-ақ жұқтырудың алдын алуға арналған түрлі іс-шараларды жүргізу оның алдын алуға үлкен рөл атқарады.

Адамның иммунитет тапшылығы вирусының таралуы әлемдік сипатта ие болды және әлем елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына да қиындықтар

туғызуда. АИТВ инфекциясы сау адамның ағзасына АИТВ жұқтырған адамның қаны, шәуеті, қынап бөлінділерімен байланыста болғанда, сонымен қатар АИТВ жұқтырған ананың сүті арқылы балаға жұқтырылады.

АИТВ-ны жұқтырғаннан кейін көп жылдар бойы адам өзін жақсы, сау сезінуі мүмкін. Бұл кезең «аурудың жасырын сатысы» деп аталады. Алайда, ағзада еш өзгеріс болып жатқан жоқ деп ойлау қате пікір. Себебі, қандай да болмасын ауру қоздырғышы, оның

ішінде АИТВ да ағзаға еніп, иммунитет тапшылығы туындап, адам әр түрлі ауруларға шалдығады.

Бұл дертін алдын алуға ең тиімді шаралардың бірі – аурудың жұғу жолдары және сақтану шаралары туралы толық ақпаратты білу. Сондай-ақ, ең абзалы кездейсоқ жыныстық қарым-қатынастан аулақ болу.

Ал, ондай жағдай орын алғанда бұл үшін жеке қорғаныш құралдарының (мүшекаптар) бар екендігін ұмытпаған

жөн. Аурудың алдын алуға тағы бір шарасы ол – есірткіден бас тарту. АИТВ/ЖИТС қауіпі туралы ашық айту, жастарды АИТВ инфекциясының берілу жолдары туралы және қорғаныш тәсілдері туралы ақпараттандыру, жасөспірімдерге қауіпсіз дағдыларды қалыптастыруға, оның ішінде қауіпсіз мінез-құлқы қалыптастыруға, олардың өз денсаулығын сақтап қалуға үйрету, біздің балаларға өз денсаулығын және өмірін сақтап қалуға көмектесу үшін ата-аналардың, мұғалімдердің,

медициналық қызметкерлердің қосатын үлесі зор.

Бірақ жастар өз денсаулығы үшін жауапкершілікті өз міндетіне алу қажет. Ол үшін нашакорлық, ішімдік, темекі, жеңіл жүріске салынудан бойымызды аулақ ұстап, салауатты өмір салтын насихаттайық.

**Арайлым МУФТИЛДАЕВА,**  
Шіелі ауданы филияның  
мейіркесі



# «КВАДРАТ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТТІ

**Іс-шараның мақсаты жергілікті тұрғындармен полиция арасындағы байланысты нығайту, тұрғындардың полиция қызметіне деген сенімін арттыру, іс-шара кезінде сол аймақтың тұрғындарымен жеке пікірлесу арқылы жалпы криминогендік ахуалға баға беру болып табылады.**

Іс-шара барысында 120 жеке үй, 4 мал шаруашылығы, 2 дүкен егелері тексеріліп, үй жануарларын қараусыз жібермеу, сырғалау, үйлердің техникалық бекіністерін нығайту, темір тор есіктер, бейнебақылау камералар орнату, яғни ұрлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында профилактикалық түсіндірмелер жүргізіліп, ескертпе хаттар таратылды. Сонымен бірге, спирттік ішімдікке құмар азаматтардың жиналуы мүмкін орындары, тексеруден өткізілді. «Образ +» бағдарламасынан 7 тұлға өткізілсе, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру

қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бұлдіру дерегімен - 1, азаматтық және қызметтік қару айналымы қағидаларын бұзу дерегімен - 2, кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы дерегімен - 2, отбасы тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекет дерегімен - 1, алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масан күйде келу дерегімен - 2, тұрғынжай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғынжайлар,

ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да тұлғалардың оларда нақты тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуге жол беруі не меншік иесіне тиесілі немесе басқа да тұлғалардың қарамағындағы тұрғынжайларда, ғимараттарда және (немесе) үй-жайларда тіркелген және тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуден шығару жөнінде шаралар қолданбауы не жеке тұлғалардың тіркеусіз тұруына жол беруі дерегімен-1, белгіленген жүру жылдамдығын арттыру дерегімен - 4 құқық бұзушылықтар анықталды.

Алдағы уақытта іс-шара жалғасатын болады.



## АНКАРАДА «АЙМАН-ШОЛПАН» МУЗЫКАЛЫҚ КОМЕДИЯСЫ САХНАЛАНДЫ

Анкарада заңға жазушы Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясы сахналанды. Түркістан облысының 5 жылдығы мен Құрманбек Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының 55 жылдығына орайластырылған іс-шара Түркия астанасының тарихи мұражайында өтті. Ерекше форматтағы комедияның премьерасы осыдан үш ай бұрын Жетісай драма театрында өткен. Көрсетілім еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігі, Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы мен елшіліктің қолдауымен ұйымдастырылды. Режиссері Тілеген Ахмет.

Айман мен Шолпан – Маман байдің ерке қыздары. Әкесі екеуін ұзаптық болғанда айналадағы еркек біткен бойжеткен сұлу қыздарға қызығып, үйленбейк ниетте ынтызарлықпен әрбірі білек сыбана сүйіспеншілік «майданьян» түседі. Сөйтіп, соны текетіреске ұласалы.

Айта кетерлігі, «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясы қазақ тілінде сахналанды. Түрік көрермені тілін толық түсінбегенмен айтар ойын жақсы түйсінді десек, қателеспеспіз.

## Германияда лудоманияға шалдыққандар көп

Елде мұндай миллионнан аса адам бар. Тағы 3 миллионда құмар ойынға тәуелділіктің алғашқы белгілері байқалып келеді. Зерттеу жүргізген Бремен университетінің ғалымдары осылай дейді. Бұған неміс саясаткерлері де алаңдаулы. Сол себепті телелдидар, әлеуметтік желілер мен спорттық іс-шаралар кезінде ойынханалардың жарнамасын шектеуге шақырады. Бытыр мұндай мекемелердің табысы 13 миллиард еуролан асқан. Әсіресе ойын автоматтарынан көп пайда түскен.

Михаэль Ризе, алдын ала көмек көрсету орталығының қызметкері:

- Германияда құмар ойындарды шектеу бойынша әр федералдық аумақтың басшылығы өз бетінше шешім қабылдайды. Сондықтан ер өңірдің ережесі алуан түрлі болуы мүмкін. Мысалы, Берлинде ойынханалар мен букмекерлік кеңселер мектептен кемі 200 метр, ал бір-бірінен 500 метр қашықтықта орналасуы керек. Осы талапқа сай келмегендерінің біразы жабылды. Құмар ойнаушылар саны да едәуір азайды. Бірақ заңсыз жұмыс істейтіндер көбейіп кетті.

## Дубайдағы Бәсі Биік көрме

Дубайда өткен халықаралық әуе көрмесінде жалпы құны 100 миллиард долларды құрайтын келісім-шарттарға қол қойылды. Бұл - рекордты көрсеткіш. Сарапшылар осыған қарап азаматтық авиация саласының пандемиядан кейін қалпына келе бастағанын көруге болады дейді. Келісім-шарттардың көп бөлігі жергілікті "Эмиррейтс" компаниясына тиесілі. Ол "Боинг" пен "Эйрбастан" 60 миллиард долларға 110 ұшақ сатып алатын болды. Айта кеткен жөн, Дубайдағы халықаралық әуе көрмесі 2 жылда бір рет өтеді. Онда жалпы ұшу, сондай-ақ ғарыш аппараттары, жер серіктері, авиациялық жадық пен техника көпшілік назарына ұсынылады.

## STARSHIP ЗЫМЫРАНЫ ЖАРЫЛДЫ

Starship соңыраны көкке ұшырылғаннан кейін 8 минуттан соң жарылды. Ол әлемдегі ең ірі ғарыш кемесі болған. Ұзындығы 120 метрден асатын. Оны жасау үшін 3 млрд доллар жұмсалған. Зымыранды Илон Маскқа тиесілі SpaceX компаниясы жасаған. Бұл жолғы ақауға не себеп болғаны әзірге белгісіз. Сәуірде алғашқы зымыран ұшырылып, ол 4 минуттан кейін жарылған болатын. Бұл сәтсіздіктер сарапшыларды қатты алаңдатып отыр. Өйткені Starship кемесімен келешекте Ай мен Марсқа сапар шегу жоспарланған.

## Париждегі орталық саябақ жануарларды бейнелеген шамдармен көмкерілді

Келушілер ертегілер әлеміне тап болғандай күй кешіп жүрміз дейді. Бұл бастаманы Табиғат музей мамандары мен ғалымдар қолға алған. Олардың айтуынша, биыл саябақты безендіру үшін экзотикалық жануарлар таңдалған. Осылайша, белсенділер бір жағынан жылдан жылға нашарлап бара жатқан экожүйені қорғау мәселесіне де назар аудартады. Көрме қантар айына дейін жалғасатын.

## МАДРИДТЕ РАҚЫМШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ 170 МЫҢ АДАМ БАС КӨТЕРДІ

Испания астанасы Мадридте рақымшылық туралы заңға қарсы ірі наразылық акциясы өтті. Оған 170 мың адам қатысқан. Бірақ ұйымдастырушылар халық саны бұдан көп болғанын айтады. Жұрт қамауға алынған оппозиция өкілдеріне қатысты құжатқа қарсы бас көтерген. Бірнеше күн бұрын қазіргі премьер-министр Педро Санчес жана мерзімге сайланған еді. 2017 жылы Каталонияның Испаниядан бөлінуін талап еткен депутаттар оның коалициясына дауыс берген. Бұл қолдау үшін үкімет басшысы каталондық сепаратистердің жетекшілеріне рақымшылық жасау туралы заң жобасын әзірлеуге келісті. Бірақ шешім көпшілік көңілінен шықпай тұр. Назары топ олар үстемдігіне қауіп төндіретінін айтады.

**Егер қауымдастықтар күрес жүргізсе, әлем СПИД-ті жою алады. АИТВ-мен өмір сүретін, зардап шеккен немесе қауіп бар қауымдастықтар ұйымдары індетке қарсы әрекет етудің алдындағы қатарында. Қауымдастықтар адамдарды халыққа бағытталған денсаулық сақтау қызметтерімен байланыстырады, сенімді арттырады, инновацияларды ынталандырады, саясаттың орындалуын және қызмет көрсетуді қадағалайды және қызмет көрсетушілерді жауапкершілікке тартады.**

## ӘЛЕМ – ДЕРТТІ ЖОЯ АЛАДЫ



Бірақ қауымдастықтарға көшбасшылық жетіспейді. Қаржыландырудағы олқылықтар, саясат пен реттеуші шектеулер, ресурстардың шектелуіне байланысты қатысудың азаюы және маргиналдаған қауымдастықтардағы азаматтық және адам құқықтарының бұзылуының барлығы АИТВ-ның алдын алу және емдеу қызметтерін сәтті жеткізуге және қабылдауға кедергі келтіреді. Егер бұл кедергілер жойылса, қоғамдық ұйымдар ЖИТС-тің аяқталуына ықпал ете отырып, АИТВ-ға қарсы жаһандық әрекетке одан да үлкен серпін бере алады.

Бүгінгі күні Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні әлеуметтік желісіпкітерді тойлау күні ғана емес. Бұл қауымдастықтардың мүмкіндіктерін кеңейту және оларға осы күресті жүргізуге көмектесу үшін әрекетке шақыру. 2023 жылы Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні СПИД-ке қарсы әрекет етуде жергілікті қауымдастық басшылығының толық әлеуетін іске асыру үшін мыналарды талап ететінін атап өтуге бағытталған:

- Қоғамдастық көшбасшылығы барлық АИТВ жоспарлары мен бағдарламаларында, сондай-ақ осындай жоспарлар мен бағдарламаларды жобалауда, бюджеттеуде, жүзеге асыруда, мониторингте және бағалауда болуы керек. «Бізсіз біз үшін ештеңе жоқ».

- АИТВ-ға қарсы әрекеттің ауқымын арттыруға қол жеткізу үшін қоғамдастық басшылығы толық және қауіпсіз қаржыландырылып, қолдау көрсетілуі керек. «СПИД індетін тоқтатуға оны тоқтатудан қымбатырақ».

- Қауымдастықтардың осы үдерісте жетекші рөл атқаруына кедергі болатын барлық кедергілерді жою қажет. Жаһандық АИТВ-ға қарсы әрекетті күшейту қауымдастықтарға АИТВ қызметтерін көрсетуде көбірек рөл атқаруға мүмкіндік беретін, азаматтық қоғамды дамытуға және барлық адамдардың, соның ішінде маргиналдаған тұрғындардың құқықтарын қорғайтын қолайлы реттеуші органы қажет етеді. «Зиян келтіретін заңдарды жойыңыз, күш беретін заңдарды қабылдаңыз».

**Перуза ЖОЛДЫБАЕВА,**  
ЖИТС орталығы Қазалы филиалы менгерушісі

## ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ШЕҢБЕРІНДЕ СОТ-ПРОЦЕСТІК ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫ

**Заңдылықты қатаң сақтау – құқық қорғау органдарының беделін арттырудың басты шарты. Осы орайда Қызылорда облысы ПҚ-де ішкі істер органдарының, әсіресе тікелей халықпен жұмыс істейтін патрульдік, учаскелік, ювеналдық полиция қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын және құзыреттілігін арттыру бойынша кезектік құқықтық дайындық сабағы өткізілді. Мұндай сабақтар үнемі өткізіліп тұрады. Тәртіп сақшыларының дене шынықтыру және атыс дайындығымен қатар, құқықтық білімдерінде үнемі жетілдіріп отырады.**

Сабаққа Қызылорда облысы ПД Жергілікті полиция қызметі, Әкімшілік полиция басқармаларының және рота, қалалық патрульдік батальон қызметкерлері, учаскелік, ювеналдық полиция инспекторлары қатысты.

Бұл жолы олардың алдында Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандырылған сотының төрағасы Шамшиев Рысдаулет Бекманұлы, судья Абдукаликов Олжас Исаұлы және облыстық психикалық денсаулық орталығы директорының орынбасары Тұрсынов Аман Бөкенбайұлы сөз сөйледі. Кездесуде шақырылған спикерлер азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзуға жол бермеуге бағытталған заңнамалық шараларды егжей-тегжейлі қарастырып, Жоғарғы сот қаулыларының талаптарын жеткізді, заңсыз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік туралы еске салып, мемлекет көздеген адамның конституциялық құқықтарын қорғау

тетіктері туралы айтты. Сабақ барысында адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тұрғысынан, әсіресе сервистік полиция қағидаларын іске асыру тұрғысынан өзекті тақырыптар қозғалды. Сабаққа қатысушылар тыңдалған баяндамалар негізінде тәжірибе алмасты.

«Облыстық полиция департаментінің басшылығы біліктілігін арттыруға көп көңіл бөледі. Этикалық нормалардың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша да сабақтар өткізілуде. Барлық деңгейдегі басшылар жеке құраммен жекетәрбие жұмысын нығайтып, оларға заңнаманы және лауазымдық нұсқаулықтарды бұзғаны үшін қарастырылатын жауапкершілік туралы жеткізуде.» – деп атап өтті департамент бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Шамшидин Амитов.

## ҚЫЗМЕТІНЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРГЕНІ ҮШІН ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛДЫ

Сырдария аудандық сотында азамат Б.-ға қатысты Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 668-бабымен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Азамат Б. өз өкілеттігі шегінде адвокаттың сауалына уақытылы жауап берген. Алайда, ол хатта адвокаттың сауалына сәйкес толық емес мәлімет бергендігі анықталған. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының

Заңының 33-бабы 3-бөлігінің 2) тармағына сәйкес, адвокат барлық мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен заңды тұлғалардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұрауға және алуға құқылы.

Соттың қаулысымен азамат Б. ӘҚБтК-нің 668-бабы бойынша кінәлі деп танылып, әкімшілік жаза ретінде оған 15 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды.



## СОТ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Қызылорда облыстық сотының 85-жылдығына орай, Қазалы аудандық сотының ұжымы аудандық сот ардагерлерімен кездесу ұйымдастырып, аға буынды құттықтап, құрмет көрсетті.

Шара барысында сот төрағасы Дәурен Әбдіхалықов ардагерлерге

шаттық, жылулық пен отбасыларына амандық, зор денсаулық пен еліміздің тыныштығын тілеп, естелік сыйлықтар тарту етті.

Өз кезегінде ардагерлер сот ұжымына ізгі тілектерін айтып, сот төрелігін жүзеге асырудағы еңбектеріне табыс тіледі.





20.11-26.11.2023

Тоқты (21 наурыз-20 сәуір)

Демалуға және ақша жұмсауға қолайлы уақыт. Қаржы шығындарын мүмкіндігінше тиімді пайдаланыңыз.



Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)

Аптаның бірінші жартысында қомақты қаржы түсуі ықтимал. Сіз де бонус немесе жалақыны көтеру мүмкіндігі болады.



Егіздер (21 мамыр-21 маусым)

Қаржылық жағдай тұрақты. Аптаның бірінші жартысында пайда табу ықтималдығы жоғары.



Шаян (22 маусым-22 шілде)

Қаржылық жағдай өте жақсы болады. Егер сіз асықпасаңыз, сіз күткеннен де көп нәрсені алаңыз.



Арыстан (23 шілде-22 тамыз)

Дүйсенбіде іскерлік кездесу болуы мүмкін. Сейсенбі мен сәрсенбіде әдеттегіден көп жұмыс істеуге, үлкен есеп немесе маңызды есеп дайындауға тура келеді.



Биқеш (23 тамыз-22 қыркүйек)

Дүйсенбі - жоспарлар уақыты. Сейсенбіде іссапарлар қолайлы. Бейсенбіде жаңа ақша түсімдері болуы мүмкін.



Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)

Оған көп уақыт пен күш жұмсауға тура келеді, ал егер сіз мұқият және шырдамды болсаңыз, сіз қалағанын бәрине дерлік қол жеткізесіз.



Сарышаян (23 қазан-21 қараша)

Барлық қиын тапсырмаларды орындауға тырысыңыз. Жылжымайтын мүлікте сатып алу бойынша мәмілелер жасауға қолайлы кезең.



Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)

Аптаның екінші жартысында үлкен ақша түсімдері болуы мүмкін. Жұмыста күтпеген өзгерістерден қорықпаңыз, олар жақсы жаққа қарай болады.



Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)

Аптаның басында ескі мәселелер қайта оралуы мүмкін, бірақ алаңданаңыз, өйткені олар сәрсенбіден кейін шегіне бастайды.



Сұқйғиш (20 қаңтар-18 ақпан)

Мүмкін сіз шетелге баруды жоспарлап отырған шығарсыз. Сыйлықтар алу ықтималдығы жоғары. Сіздің қаржылық табысыңыз іскер серіктестеріңіздің сенімділігіне байланысты болады.



Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)

Қаржылық тұрғыдан алғанда, апта тұрақты болады. Кішігірім табыстар болуы мүмкін, олар, өкінішке орай, тез жоғалады.



ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА 61,6 МЛРД. ТЕҢГЕ АУДАРДЫ

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2023 жылдың 1 қарашаға дейін Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 61,6 млрд. теңге аударды...

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталып және МӨМС пакеті шеңберіндегі қызметтер арқылы төлеуге жұмсалуда.

Жеке тұлғалар тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша өз еркімен бір клиниканы таңдай алады. -Жекеменшік клиникаға тіркелуге бола ма? -Иә, жыл сайынғы науқан кезінде мемлекеттік қана емес, жекеменшік клиникаларға да тіркелуге болады.

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАУ - БАРШАҒА ОРТАҚ ІС

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410- V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 27-42-42 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫНДА 1 МЛРД. ТЕҢГЕ ЖУЫҚ АҚАУЛАР АНЫҚТАЛДЫ

2023 жылдың 9 айлық қорытындылары бойынша медициналық ұйымдар 250,8 млн теңгені құрайтын 88 762 бұзушылыққа жол берген. Көбінесе медицина қызметкерлері жүргізілген диагностикалық қызметтердің санын негізгісіз көбейткен.

ЕМХАНАДА ТЕГІН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

Қызылорда қаласындағы №3 емхананың бас дәрігері Жанат Қожарипова емханада қандай медициналық көмекті тегін алуға болатынын айтып берді. Егер пациенттің мәртебесі «сақтандырылмаған» болса, онда медициналық көмек тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) шеңберінде ғана қолжетімді болады.